



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 25 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2003 жылғы 16 қазан**

**Халықаралық резервтер және ақша базасы
туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын қоспағанда) және ақша базасы 2003 жылғы 15 қазанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	4 777,4	4 724,3
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	4135,0	3 940,1
Алтын	642,4	589,3
Ақша базасы, млрд. теңге	283,1	283,1
KZT/USD (кезең аяғында)	147,21	155,85
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	373,65	342,75

*теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы қазанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді..

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 3,0%-ке (немесе 145,7 млн.долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышқа қызмет етуі және Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында 181,0 млн. долларға валюта сатуы таза валюта қорларын (ЕАВ) 128,2 млн.долларға толықтыруға ықпал етті. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 2,8%-ке төмендеуі нәтижесінде 17,5 млн. долларға азайды.

Тұрақты бағалармен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2,6%-ке төмендеді, ЕАВ-мен таза активтер – 3,0%-ке, алтынмен активтер – 0,2%-ке өсті.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағалармен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 2 967,0 млн. долл.) қоса алғанда 7 750,7 млн. долл. болды. Өткен айға өсу – 0,6 % құрады.

2003 жылғы қараша айының бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 3,9%-ке (немесе 11,4 млрд. теңгеге) азаюына себепші болды.

